«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ
НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»
INDEPENDENT AGENCY FOR ACCREDITATION AND RATING

# ЕСЕП

Білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу
стандарттарының талаптарына сәйкестігі
жөніндегі сыртқы сараптау комиссиясы жұмысының нәтижелері туралы
1211000 " Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»
Біліктілігі 1211032-Тігінші,
1211062-Арнайы тігінші,
1211072-Модельер-пішуші
1209000 "Тоқу өндірісі" (түрлері бойынша),
Біліктілігі 120901 2-Тоқушы

**«Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» МКҚК**
**22 қараша мен 24 қараша 2018 ж. аралығында**

Шымкент 2018

*АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ*
*Сыртқы сараптау комиссиясы*

*АРТА Аккредитациялық кеңесіне*

*Жіберілген*

Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

1211000 " Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»
Біліктілігі 1211032-Тігінші,
1211062-Арнайы тігінші,
1211072-Модельер-пішуші
1209000 "Тоқу өндірісі" (түрлері бойынша),
Біліктілігі 120901 2-Тоқушы
Білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігі
жөніндегі сыртқы сараптау комиссиясы жұмысының нәтижелері туралы

# ЕСЕП

«Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» МКҚК
22 қараша мен 24 қараша 2018 ж. аралығында

Шымкент қ. 2018 жыл « 22» қараша

**МАЗМҰНЫ**


(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ................................................................ 3
(II) КІРІСПЕ (1-2 бет)................................................................................................ 3
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ (1-3 бет)..........................................................3
(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ (1-2 бет)........................3
(V) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ (1-2 бет)...........................................................4
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ (20-40 бет)...........................................................................................7
6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты................................................. 7
6.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты...................................................11
6.3. «Педагогикалық ұжым және оқыту тиімділігі» стандарты.............................................15
6.4. «Білім алушылар» стандарты..........................................................................................19
6.5. «Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде пайдаланылатын ресурстар» стандарты...........................................................................................................................22
6.6. «Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі стандарттар» стандарты................................ 25
(VII) ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ЖАҚТАРҒА ШОЛУ/ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ (1 бет)..........................................................................................27
(VIII) САПАНЫ ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ (1-2 бет) ..............................................................................................................................................28
(IX) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМЫТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ (1 бет) ..............................................................................................................................................29
(X) АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНЕ ҰСЫНЫМ............................................................................ 29
1-қосымша. Бағалау кестесі «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІН ПАРАМЕТРЛЕРІ»....... 30
2-қосымша. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА САПАР БАҒДАРЛАМАСЫ ..................................39
3-қосымша. ОҚЫТУШЫЛАР САУАЛНАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ...............................39
4-қосымша. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ.................40

(І) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

| | |
|---|---|
| ҚР | Қазақстан Республикасы |
| МЖМББС | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты |
| ҚР БҒДМБ | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы |
| ТжКБ | Техникалық және кәсіптік білім беру |
| ӘШБ | Әкімшілік-шаруашылық бөлім |
| МАК | Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы |
| ТЖ | Тәрбие жұмысы |
| АТ | Ақпараттық технологиялар |
| АКТ | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар |
| ОЖ | Оқу жұмысы |
| ОӨЖ | Оқу-өндірістік жұмыс |
| ИПҚ | Инженерлік-педагогикалық қызметкерлер |
| КТЖ | Күнтізбелік-тақырыптық жоспар |
| ӘБ | Әдістемелік бірлестік |
| БжҒМ | Білім және ғылым министрлігі |
| КДДББ | Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және кәсіптер бойынша біліктілікті беру |
| ББ | Білім беру бағдарламасы |
| ЖӨСК | Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі |
| ПЦК | Пәндік-циклдік комиссия |
| ЖОЖ | Жұмыс оқу жоспары |
| ЖБ | Жұмыс бағдарламасы |
| ҮОЖ | Үлгілік оқу жоспары |
| ОӘК | Оқу-әдістемелік кешен |
| СМЖ | Сапа менеджменті жүйесі |

## (II) КІРІСПЕ (1-2 бет)

2018 жылдың 22 карашасынан 24 караша күндері аралығында Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің 13.11.2018 жылғы № 109-18-ОД бұйрығына сәйкес Шымкент қаласының «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» МКҚК-да білім беру бағдарламаларының 1211000 – «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», біліктілігі: 1211032-тігінші, 1211062 – Арнайы тігінші, 1211072 – Модельер – пішуші, 1209000 «Тоқу өндірісі» (түрлері бойынша), біліктілігі 1209012-Тоқушы, мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалауының сыртқы сараптау комиссиясының іс-сапары өтті.

ССК есебі білім беру ұйымының ұсынған білім беру бағдарламаларының АРТА өлшемдеріне сәйкестігін бағалауды, Шымкент қаласындағы «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» МКҚК-дағы білім беру бағдарламаларын әрі қарай жетілдіру және білім беру бағдарламаларының бейінінің параметрлері бойынша ССК ұсыныстарын қамтиды:

1.Комиссия төрайымы- Мекебаева Назым Аблезқызы, «Туризм индустриясы және қонақжайлылық колледжі» МКҚК директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары (Алматы қ.);
2.Шетелдік сарапшы- Соснин Вячеслав Викторович, «Союз» орталығының директоры (Омбы қ., Ресей Федерациясы);
3.Сарапшы-Мусина Гаухар Кафаровна, «Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжі» МКҚК арнайы пәндер оқытушысы (Петропавл қ.);
4.Агенттіктің бақылаушысы-Бекенова Динара Қайырбекқызы, АРТА ТжКБ ұйымдарының аккредитациясы жобасының жетекшісі (Астана қ.);
5.Жұмыс беруші – Тоғатаев Торабек Үсембекұлы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы» кафедрасының меңгерушісі. (Шымкент қ.);
6.Студент - Қанлыбаева Данаел Мырзағалиқызы, ЖМ «Парасат» Колледжі, «Дизайн» мамандығының 3 курс студенті (Шымкент қ.).

## (III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ (1-3 бет.)

Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» МКҚК-і Оңтүстік аймақта жеңіл өнеркәсіп үшін жұмысшы кадрларды даярлатын базалық колледж болып табылады. Колледж 1966 жылы №124 мемлекеттік кәсіптік-техникалық училище ретінде құрылған.

1. № 124 МКТУ 1976 жылғы 25 маусымдағы ҚазССР Мем.кәс.білім. №234 бұйрығымен № 26 техникалық училище болып өзгертілді.

2. № 26 ТУ Қазақ КСР Мем.кәс.білім. 03.08.1984 жылғы №220 бұйрығымен АКТУ № 5 болып өзгертілді.

3. №5 АКТУ Оңтүстік Қазақстан облысы білім департаментінің 06.08.1996 жылғы №476 бұйрығы негізінде №5 КТМ болып өзгертілді.

4.№5 КТМ Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2002 жылғы 02 мамырдағы №175 қаулысына сәйкес ММ №5 КМ болып өзгертілді.

5.ММ №5 КМ Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің 21.01.2008 жылғы №19 қаулысына сәйкес №5 КЛ МКҚК болып өзгертілді.

6. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «№5 Кәсіптік лицейі» МКҚК Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 24.12.2012 жылғы №394 қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының «№ 5 Колледж» болып өзгертілді.

7.ОҚО білім басқармасының «№5 Колледж» МКҚК, ОҚО білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасының «№5 Колледж» МКҚК болып өзгертілді.

8.ОҚО білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасының «№5 Колледж» ОҚО білім басқармасының «№5 Колледж» МКҚК болып өзгертілді.

9. ОҚО білім басқармасының «№5 Колледж» МКҚК 07.12.2017 жылы ОҚО білім басқармасының «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» МКҚК болып өзгертілді.

Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі бас лицензияға сәйкес

ОҚО Білім саласындағы бақылау департаментімен берілген 26.01.2018 ж. № KZ19LA00010820 (2 қосымша), ҚР МЖМБС 23.08.2012 ж. № 1080 қаулысы., «ҚР Үкіметінің 23.08.2012 ж. № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің 13.05.2016 жылғы №292 қаулысы, ҚР БҒМ 15.06.2016 жылғы № 384 бұйрығына «Өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы ҚР БҒМ 22.01.2016 жылғы №72 «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы тігін өндірісі бойынша кадрларды дайындайды:

Мамандығы: 1209000-Тоқу өндірісі (түрлері бойынша)
Біліктілігі 1209012-Тоқушы
Мамандығы: 1211000 «Тігін өндірісі және киім үлгілеу»
Біліктілігі 1211032 –«Тігінші»
1211062 –«Арнайы тігінші»
1211072 – «Модельер- пішуші»
1211093 – «Техник-технолог».

Колледждің негізгі құрылымдық бөлімшелері: колледж қызметінің белгілі бір салаларын басқаруды жүзеге асыратын Бөлім, пәндік-циклдік комиссиялар болып табылады. Бөлімшелер белгілі бір функциялар жиынтығын орындауға жауапты қызметкерлердің ресми топтарынан тұрады. Бөлімше мен ПЦК қызметінің функциялары мен бағыттары тиісті ережелерде бекітілген.

Колледждің қаржылық жағдайы тұрақты. Жеткізушілермен есеп айырысу, жалақы, салық бойынша кредиторлық берешегі жоқ.

Бүгінгі таңда колледждің материалдық-техникалық базасы оқу сабақтарын жүргізуге мүмкіндік беретін заманауи жабдықтамен және оқу үрдісінің талаптарына сай. Колледжде компьютерлендіруге үлкен мән берілген, ол үшін компьютерлік сыныптар құрылған, олар білім алушылардың білімін ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін оқу сабақтарында қолданылады.

Колледжде ақпараттық-коммуникациялық, интерактивті және инновациялық технологиялар белсенді енгізілуде, колледждің өз сайты бар. Оқушылардың жалпы мәліметтер базасы құрылған. Колледждің барлық құжаттары басшылық құрамның жұмысы үшін қол жетімді. Дербес компьютерлер мен компьютерлік сыныптар Интернет желісіне қосылған. Жергілікті желі жұмыс істейді.

2012 жылы колледж мемлекеттік аттестаттаудан өтті.

| № | Оқытушылар, ө/о шеберлері | Жалпы | Педагогикалық өтілім | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 3 жылға дейін | 3 жылдан 10 жылға дейін | 10 жылдан 20 жылға дейін | 20 жылдан 30 жылға дейін | 30 жылдан жоғары |
| 1. | Оқытушылар | 51 | 6 | 8 | 27 | 5 | 5 |
| 2. | Ө/о шеберлері | 33 | 2 | 18 | 9 | 1 | 3 |
| 3. | Жалпы саны | 84 | 8 | 26 | 36 | 6 | 8 |

Білім алушылардың құрамы:

| Оқу жылы | 2015-2016о.ж. | 2016-2017о.ж. | 2017-2018о.ж. | 2018-2019о.ж. |
|---|---|---|---|---|
| Қабылдау, барлығы | 267 | 298 | 411 | 392 |
| Бітірушілер саны, барлығы | 262 | 229 | 278 | - |

Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың контингенті күндізгі оқу нысаны бойынша мемлекеттік тілде, орыс тілінде білім берілетін топтардан құралған.

**(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ (1-2 бет)**

Шымкент қаласының «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» МКҚК білім беру бағдарламаларын аккредиттеу рәсімінен алғаш рет өтуде.

**(V) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ (1-2 бет)**

ССК жұмысы 2018 жылдың 22 қарашасы мен 24 қарашасы аралығында «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» МКҚК білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу бойынша Сараптау комиссиясының сапары бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

Білім беру бағдарламаларының сапасы және колледждің барлық инфрақұрылымы туралы объективті ақпарат алу, өзін-өзі бағалау туралы есептердің мазмұнын нақтылау үшін: директормен, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың ОӨІЖ орынбасары, директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, директордың ШІЖ орынбасары, бөлім меңгерушісі, ПЦК төрағалары, әдіскер, кадр бөлімінің меңгерушісі, бас бухгалтер, оқытушылар, медбике, бас аспазшы, білім алушылар, түлектер, жұмыс берушілер және білім алушылардың ата-аналарымен кездесулер өтті. Кездесулерге барлығы 330 адам қатысты.

**Кездесуге қатысқан қызметкерлер мен студенттер туралы мәліметтер:**

| **Қатысушылар санаты** | **Саны** |
|---|---|
| Басшы | 1 |
| Басшының орынбасарлары | 4 |
| Бөлім меңгерушісі | 1 |
| ПЦК жетекшілері | 6 |
| Бас бухгалтер | 1 |
| Кадр бөлімінің меңгерушісі | 1 |
| Оқытушылар | 57 |
| Қызметкерлер | 4 |
| Білім алушылар | 130 |
| Түлектер | 54 |
| Жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер | 20 |
| Білім алушылардың ата-аналары | 51 |
| **Барлығы** | **330** |

ССК жұмыс барысында колледж инфрақұрылымын көзбен шолып қарау жүргізілді: оқу аудиториялары, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқу залы, конференц-зал, зертханалар, спорт залы, медициналық пункт, асхана. Сондай-ақ аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын іске асыратын бөлімшелердің құжаттары зерделенді.

Екінші күні кәсіпорын базаларына саяхат жасалды:

| Білім бағдарламасы | Уақыты | Кәсіпорын | Мекен жайы | Кәсіпорын басшысы |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1211000-Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу 1211062-Арнайы тігінші | 14.15 | ЖШС «Тігін фабрикасы «Гаухар» | мкр.Самал, Казиева к/сі, н/з | Халбаева Анипа Лесбековна |
| 1211072-Модельер-пішуші | 15.00 | МҚ «Көмек Болашақ» | Т.Рыскулова к/сі, н/з, | Тилепбергенов Азимбек Сатимбекович |
| 1211032-Тігінші | 15.30 | ЖШС «Alatex» | Ташенова к/сі, №99Б. | Санжарова Клара Арипжановна |
| 1211032-Тігінші | 16.30 | ЖШС «Kazplast» | Торекулова к/сі, н/з | Оразалиева Дильдагуль Сугировна |
| 1209000-Тоқу өндірісі | 14.30 | ЖШС «Әлем БТ» | Сайрамский ауд. ж/м Жулдыз, СЭЗ «Оңтүстік» | Балабиев Мақсат Каримович |
| | 15.00 | ТОО «Бал Текстиль» | Сайрамский ауд. ж/м Жулдыз, СЭЗ «Оңтүстік» | Огуз Дурру |
| | 15.30 | ЖШС «Назар Текстиль» | Сайрамский ауд. ж/м Жулдыз, СЭЗ «Оңтүстік» | Арыстанов Абубакир |
| | 16.00 | ЖШС «Azala Cotton» | Сайрамский ауд. ж/м Жулдыз, СЭЗ «Оңтүстік» | Онланбеков Дархан |
| 1211000-Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | 16.30 | ЖШС «АГФ групп» | Сайрамский ауд. ж/м Жулдыз, СЭЗ «Оңтүстік» | Насыров Фатхулла Бахрамович |

Сондай-ақ, ССК сарапшылары өндірістік оқыту шеберханаларындағы сабақтарға қатысты:

| Шеберхана № | Жауапты қызметкердің АЖТ | ББ | Тобы | Пәні |
|---|---|---|---|---|
| №9 | Абашова Ирина Викторовна | 1211072-Модельер-пішуші | 631 | Өндірістік оқыту |
| №6 | Сахова Айдана Ануарбековна | 1211032-Тігінші | 836 | Өндірістік оқыту |
| №7 | Умирбаева Алтынай Мурзабековна | 1211032-Тігінші | 837 | Өндірістік оқыту |
| №8 | Досалиева Жансая Маратовна | 1211072-Модельер-пішуші | 839 | Өндірістік оқыту |
| №3 | Тайрахунова Салтанат | 1211072-Модельер-пішуші | 838 | Өндірістік оқыту |
| №7 | Джаксыбаева Кумисай | 1211062-Арнайы тігінші | 733 | Өндірістік оқыту |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Даулетовна | | | |
| №2 | Айнабекова Жанна | 1211062-Арнайы тігінші | 734 | Өндірістік оқыту |

Сабаққа қатысуды талдау оқытушы құрамының жақсы, сапалы, оқытудың теориялық және практикалық деңгейін жеткілікті меңгергенін көрсетті. Сабақтарда оқытушылар оқытудың заманауи технологияларын қолданады. Жүйелі түрде біліктілігін арттырады. Колледждің оқытушылар құрамының қызметін талдау барысында ұжымның колледжді сапалы дамытуға, жақсартуға деген ұмтылысын көрсетеді.

**(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ (20-40 бет)**

***6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты***

***Растау бөлімі***

1211000 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» , біліктілігі 1211032 – Тігінші, 1211062 – Арнайы тігінші, 1211072 - Модельер – пішуші, 1211093 - Техник-технолог, 1209000 «Тоқу өндірісі» мамандықтары (түрлері бойынша), біліктілігі 1209012-Тоқушы бойынша ББ басқару және іске асыру Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына және міндеттері анықталған колледждің миссиясына, көрінісіне, Стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. 2014 жылдан бастап колледж 1209000 «Тоқу өндірісі» (түрлері бойынша) ББ бағдарламасы мемлекеттік лицензия негізінде серия №KZ19LAA00010820 26.01.2018ж. және 23.11.2012 ж. № 1080 ҚР МЖБС қайта жүзеге асырылған.

Колледжде 2014 жылдың қыркүйегінен бастап инклюзивті білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып, ерекше білім беруді қажет ететін, құлағы нашар еститін білім алушылар білім алуда. 2010-2011 оқу жылдан бастап ИЧ167/4 қатаң режимдегі түзеу мекемесінің базасында сотталған әйелдерді 1211000 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», біліктілігі 1211062 «Арнайы тігінші» мамандығы бойынша, оқу мерзімі 10 ай, оқыту ұйымдастырылды. Оқуды аяқтағаннан кейін түлектерге кәсіби дайындық туралы куәлік беріледі. ИЧ167/4 мекемесінің әкімшілігі колледжбен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді және жыл сайын мемлекеттік тапсырысты орналастырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №919 қаулысымен бекітілген «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын» жобасын іске асыру бойынша колледж базасында қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстары өткізіледі.

Колледжде оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. 2017-2018 оқу жылында барлығы 35 топ, оның ішінде қазақ тілінде -32, орыс тілінде – 3 топ. 2018-2019 оқу жылында барлығы 40 топ, оның ішінде қазақ тілінде -33, орыс тілінде – 7 топ.

Колледждің миссиясы, көрінісі және стратегиялық мақсаты ұлттық білім беру жүйесінің мақсаттарына, міндеттері мен басымдықтарына сәйкес келеді, бұл колледждің мамандарды даярлау деңгейін үнемі арттыруға, өңірдің салаларын дамытуға жан-жақты ықпал етуге және үйлесімді дамып келе жатқан тұлғаны мақсатты түрде қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Колледждің миссиясын, көрінісі мен міндеттерін қалыптастыру кезінде оның кадрлық әлеуеті, сондай-ақ білім беру саласындағы көпжылдық тәжірибесі ескерілді. Жүйелі түрде жаңартылып, өзектілендірілетін білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарлары бар. Колледжде жұмыс істейтін басқару жүйесі алқалық және ашықтық принциптерін сақтауға бағытталған. Педагогикалық кеңес басқарудың жоғары органы болып табылады. Білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарын іске асыру және Жоспарды іске асырудың тиімділігі игеру нәтижелерін бақылаудың нысандары мен мазмұны арқылы қадағаланады. ББ жүзеге асыру мамандықтың оқу-әдістемелік кешені (МОӘК) және пәндердің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК) негізінде жүзеге асырылады. МОӘК мамандықты әдістемелік қамтамасыз етуідің негізгі құжаттарының бірі болып

табылады. МОӘК МЖМБС іс-әрекетіне енгізілгеннен бастап бір жыл ішінде міндетті құрылымдық элементтермен толықтырылған.

Білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндердің тізбесі мен мазмұны, оқу үдерісінің кестесі туралы ақпарат колледж сайтында http://www.5college.kz орналастырылған және қабылдау комиссиясы талапкерлерге түсу кезінде, білім алушыларға - топ сағаттарында және кіріспе сабақтарда, ата – аналарға ата-аналар жиналыстарында ұсынады.

Жұмыс берушілер оқытылатын пәндердің мазмұнымен оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу және келісу кезінде танысады. Білім беру бағдарламаларының құрылымында білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін әртүрлі қызмет түрлері қарастырылған: теориялық және практикалық сабақтар (зертханалық, семинарлық, жеке), өзіндік және бақылау жұмыстары, дипломдық жұмыстарды орындау.

***Аналитикалық бөлім***

ССК мүшелері білім алушыларға оқыту тіліне қарамастан тең мүмкіндіктер берілгенін атап өтті – барлығына оқу тіліндегі оқулықтар және қосымша әдебиеттермен қамтамасыздандырылған, сондай-ақ оқу процесін жүргізу үшін оқытушылар құрамы жасақталған.

ССК мүшелері «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» білім беру бағдарламалары ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №72 бұйрығымен бекітілген» және «ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысымен бекітілген, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы №1080 қаулысының типтік оқу бағдарламаларына сәйкес жасалғанына көз жеткізді. Колледж деңгейінде құжаттарды дайындау процесін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушісі және әдіскер үйлестіреді. Колледждің әдістемелік кеңесі және пәндік-циклдік комиссиялар маңызды рөл атқарады.

Колледждің барлық процедуралары мен үрдістері білім беру сапасының қол жеткізілген деңгейін қолдауға және дамытуға бағытталған. Бұл туралы білім алушылардың оқу жетістіктерінің тұрақтылығы, ББ бітірушілерін мойындау және олардың кәсіби қызметінің сапасы және кәсіби өсуі куәландырады.

ССК мүшелері аталмыш колледждің ерекшелігі 2014 жылдан бастап инклюзивті оқытуды енгізу болып табылатынын атап өтті. Қазіргі уақытта колледж 5 топ оқытады, олардың контингенті есту қабілеті бұзылған 61 адамнан құралған. Осы топтарда бірде-бір студент орнын жоғалтпаған, 2 топ бітірген, оларды жұмысқа орналастыру 100% - ды құрайды. Колледждің әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыс орнатқаны қуантады, кәсіпорындардың мәліметтер базасында студенттер кәсіби іс тәжірибеден өтеді, ал бітіргеннен кейін осы өңірде жұмысқа орналасады.

Жиналған мәліметтер бойынша студенттердің басым көпшілігі (95,6%) емтихандарды әділ бағалау және аттестаттау деңгейімен толық қанағаттанғанын көрсетті. Оқытушылар колледждің миссиясы мен стратегиясы оқу бағдарламалары мен бағалау рәсімдерінде (жалпы орта 71,4%) табысты көрініс тапты деп санайды. Сондай-ақ, оқытушылардың 61,9% біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жақсы жасалғанын айтты. Сауалнамаға қатысқан студенттердің 93,3% - ы оқу бағдарламаларының сапасына және жалпы оқыту әдістеріне қанағаттанған. АРТА ССК сапары барысында оқытушыларға жүргізілген сауалнама бойынша басқарушылық және стратегиялық шешімдер қабылдау процесіне тартылу пайызы жақсы-76,2%. Бұл ретте жас мамандарды ынталандыру және тарту деңгейіне қанағаттанбаған оқытушылар жоқ; 71,4% инновациялық қызметті көтермелеу деңгейіне қанағаттанған.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша жұмысты талдай отырып, бірінші кезекте білім беру бағдарламасын іске асырудың табыстылығы, білім беру

бағдарламасының мақсаттары мен даму жоспарын жоспарлы, мақсатты және тиімді іске асыру негізінде анықталады.

***Күшті жақтары:***

- колледжде инклюзивті оқытуды енгізу;
- аймақтағы жеңіл өнеркәсіп үшін жұмысшы кадрларды даярлау бойынша базалық колледж;
- оқу-өндірістік шеберханалардың заманауи тігін жабдығымен жарақтандырылуы;
- техникалық және кәсіптік білім алу үшін тең қол жеткізуді және жағдай жасауды қамтамасыз ету;
- ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын әзірлеуді, оның мемлекеттің, мүдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуын көрсетеді;

ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарының қолда бар ресурстарға, еңбек нарығының қажеттіліктеріне және ҚР Білім беру саясатына барабарлығын қамтамасыз етеді;

- ТжКБ ұйымы ББ-сын іске асыру туралы ақпаратты жүйелі түрде жинайды, жинақтайды және талдайды және барлық бағыттар бойынша өзін-өзі тексеруді жүргізеді, ББ даму жоспарын әзірлейді және қайта қарайды;
- ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығын дәлелдейді;
- ТжКБ ұйымы ББ басқару процестерінде статистиканы жинау және талдау жүйесінің көрсеткіштерінің бар екендігін дәлелдейді.

***ББ әлсіз жақтары:***

-ББ даму жоспары барлық мүдделі тараптардың өкілдерімен ашық талқылаудан өтуі тиіс, олардың ұсыныстары мен түзетулері негізінде ТжКБ ұйымының уәкілдері жобаға өзгерістер енгізеді;

-ТжКБ ұйымдарында ББ-сын іске асыруды регламенттейтін барлық негізгі бизнес-үдерістер құжаттандырылуы тиіс;

-ББ басшылығы оны жобалауды, басқаруды және мониторингті, оларды жақсартуды, фактілер негізінде шешімдер қабылдауды қамтитын ББ сапасын қамтамасыз ету жүйесінің дұрыс жұмыс жүргізілгенін ашып көрсетуі тиіс.

***ССК ұсыныстары:***

- алдыңғы қатарлы тәжірибені тарату мақсатында колледждің ресми сайты арқылы бұқаралық ақпарат құралдарына қолжетімділік тетіктерімен жұмысты жалғастыру;
- Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, өзектендіру және келісу кезінде әлеуметтік әріптестердің қатысуын тартуды жалғастыру;
- интерактивті жабдықтармен кабинеттер мен шеберханаларды жаңарту және жабдықтау бойынша жұмысты жалғастыру;
- қазақ тілінде арнайы пәндер бойынша қазіргі заманғы оқу және әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру;
- «Тоқу өндірісі» мамандығы бойынша қазіргі заманғы оқу жабдықтарын талап ететін зертханалық базаны толықтыру бойынша жұмысты жалғастыру.

**ССК көрсетуінше аталған стандарт колледждің мамандандырылған саласы бойынша 3-күшті, 16 – қанағаттанарлық, 3-і жақсартуды талап ететін жағдайда.**

***6.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты***

***Растау бөлімі***

Мамандықтар бойынша білім алушыларды даярлау үшін білім беру бағдарламалары ҚР БҒМ 2015 жылғы 15 маусымдағы №384 бұйрығына сәйкес ТОЖ негізінде әзірленген. «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», «Тоқу өндірісі» ББ міндеттерін орындауды іске асыру колледж миссиясына сәйкес бағытталған.

Аккредиттелетін мамандықтар бойынша бітіруші түлектің моделін қалыптастыру бойынша іс-шаралар аясында құрамына әкімшілік мүшелері, арнайы пәндер

оқытушылары, студенттік актив мүшелері кірген жұмыс топтары алдын ала жұмыс жүргізген. Білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші түлек моделінің әрбір үлгісінде білім, біліктілік, дағды, құзыреттілік, жеке қасиеттер көрсетілген. Білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін алынатын біліктілік – бітіруші түлек үлгісінде анықталған және тіркелген. Бітіруші түлектің үлгісі маман дайындау үшін миссияны, мақсаттарды және стратегияны ескере отырып объективті негізделген. Бітірушінің моделі – ББ жүзеге асыру нәтижесінде қалыптасқан сапа мен біліктіліктердің жиынтығы және білім алушыларда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» МКҚК түлегінің моделі 03.01.2018 ж. педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы шешімімен қарастырылды және бекітілді.

Әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық: негізгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бірлесіп қатысу; талапкерлермен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуге қатысу; оқу және өндірістік іс тәжірибені ұйымдастыру және өткізу. Түлектер жеңіл өнеркісіп кәсіпорындарда тігінші, модельер-пішуші, өндірістік цехының технологы болып табысты жұмыс істейді.

ББ құрылымы мен мазмұны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен анықталады. Техникалық және кәсіптік білім беру. Білім беру мазмұнына және жұмысшы кадрларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейтін негізгі ережелер № 1080, 23.11.2012 ж., №384, 15.06.2015 ж.

Білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісі жұмыс оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Колледждің білім беру бағдарламалары мыналарды қамтиды: базалық және кәсіби пәндер қамтитын теориялық оқыту, өндірістік оқыту, кәсіптік практика, аралық және қорытынды аттестаттау. 1211000 – «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді оқытудың логикалық реттілігін сақтай отырып, пәндерді модульдік оқытуды қарастыратын оқу жоспарлары әзірленген. «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжінде» жүзеге асырылатын 1209000 «Тоқу өндірісі» (түрлері бойынша) ББ бар ресурстары мен еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, ТжКБ ұйымдарына арналған МЖМС негізінде құжаттар жүйесін колледж әзірлеген және бекіткен. Оқу пәндері мазмұнының өзектілігі мен заманауилығы ұжымның әлеуметтік серіктестермен тығыз ынтымақтастығың арқасында. Арнайы циклдің әрбір оқытушысы қазіргі өндірістің талаптарын ескере отырып, жұмыс бағдарламасының кейбір тақырыптарына түзету жасайды. Әрбір модульді меңгеру нәтижелері бойынша, соның ішінде кәсіптік практикадан, біліктілік емтиханынан және қорытынды аттестаттаудан өту нәтижелері бойынша білім алушылардың базалық және кәсіптік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі бағаланады. Білім беру бағдарламасының құрылымында әр түрлі қызмет түрлері қарастырылған, олардың мазмұны білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, базалық және кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді.

Кәсіптік практика Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүргізіледі. Кәсіби практикаларды өткізу үшін практика базасы ретінде анықталған қала және облыстың кәсіпорындарымен және ұйымдарымен «Әлеуметтік серіктестік туралы» үш жақты келісім-шарттар жасалды. Кәсіптік практиканың өтуін бақылауды тарификацияға сәйкес колледж бойынша бұйрықпен тағайындалған өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылары жүзеге асырады.

ББ жүзеге асыру мамандықтың оқу-әдістемелік кешені (МОӘК) және пәндердің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК) негізінде жүзеге асырылады. 1211000-Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу, 1209000-Тоқу өндірісі Білім беру бағдарламасының барлық пәндері бойынша ПОӘК әзірленді.

Оқытушылар оқу үдерісіне өздерінің практикалық жетістіктерін енгізеді. Оқу үдерісінде оқытушылар ҰБП-дан ISBN номері алынған авторлық материалдарын қолданады: Тагаева Г., ЖолдасбековаС.А., НұржанбаеваЖ.О., Мамедов Р.А., Битемирова М.К., Бегимкулова А.С., Умербаева А.М., Валитова Л.М., Бейсебаева Р.Т., Абашова И.В.

және т.б.

Колледждің өндірістік оқыту шебері, магистр М.О.Алимбетов М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы» кафедрасының доценті, т.ғ.к. Т.У.Тогатаевпен бірге, мамандыққа теориялық оқыту үшін «Тоқыма материалдары мен бұйымдарды жобалау» оқулығын әзірледі.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау оқу жетістіктерін мемлекеттік бақылау нысанында жүргізіледі және ол алған білімдерінің, іскерліктерінің, дағдылары мен құзыреттілігінің мамандық бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін анықтауға бағытталған. Мамандық бойынша кешенді емтиханға білім беру бағдарламасының арнайы пәндері кіреді. Дипломдық жұмысты қорғау рәсімі ТжКБ білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік ережелеріне сәйкес келеді. Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері ҚР БҒМ 23.10.2007 ж. № 502 «Білім беру қызметінде ұйымдар пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес хаттамалармен ресімделеді (толықтыруламен және өзгерістер ҚР БҒМ 29.08.2016 ж. № 531 бұйрығы).

Білім беру бағдарламаларының қажеттілігі мен өзектілігінің, олардың білім берудегі қазіргі үрдістерге сәйкес келуінің маңызды көрсеткіші білім алушылар мен педагогтардың академиялық ұтқырлығы болып табылады.

Колледж студенттері мен оқытушылары колледждің, аймақтың, республиканың және одан тыс жерлердегі әртүрлі ғылыми-зерттеу, кәсіби байқауларына белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды: Халықаралық «WorldSkills Russia – 2017» чемпионаты, Краснодар қаласы, Мурзахметова Юлдуз ІІІ жүлделі орын, «WorldSkills Kazakhstan-2017» аймақтық чемпионаты 2 курс білім алушысы Арал Аида І жүлделі орын, ТжКБ оқу орындары арасында «Үздік өндірістік оқыту шебері-2017» аймақтық байқауы аға шебер, өндірістік оқыту шебері Битемирова Меруерт Гран-при, өңірлік конкурс «Қазақстанды жаңғырту 3.0»: бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау» бағыты бойынша өндірістік оқыту шебері Битемирова Меруерт және 2 курс білім алушысы Базарбай Мөлдір ТжКБ ұйымдары арасында 1-орынды, 3 курс білім алушысы Эшматова Мадина, «WorldSkills Kazakhstan-2018» аймақтық чемпионатында І-орынды, Минск қаласында өткен «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша ІІІ-республикалық «WorldSkillsBelarus 2018» Кәсіби шеберлік байқауында 3 курс білім алушысы Эшматова Мадина қатысушы Дипломымен марапатталды.

Колледжде кәсіби үйірмелер ұйымдастырылған: Фетр бұйымдары, Иірім жіптен жасалған бұйымдар, Алтын қайшылар, Жібек жіптер, Эксклюзив, білім алушылардың зияткерлік және кәсіби дағдыларын дамытатын «Сымбат» клубы және факультативтер.

Жыл сайын білім алушылар ө/о шеберлерімен бірге «Сымбат», «Кербез ару», «Жәдігер», «NaidFashion», «Мегавойлок», «Сырғалым», «Сырлы өрнек», «Құрақ әлемі» коллекцияларын жасауға қатысады. Колледж студенттері өз шығармашылық потенциалын көркем өнерпаздар арқылы жүзеге асыруға мүмкіндігі бар.

***Аналитикалық бөлім***

Мамандықтар бойынша оқу жоспарларында барлық пәндер білім беру бағдарламасының мақсаттарымен келісіледі, логикалық өзара байланыс міндетті компоненттің (оқу жоспары бойынша пәндер тізбесі), таңдау компонентінің (білім беру ұйымымен анықталатын пәндер) және оқытудың қосымша түрінің (факультативтік) үйлесуімен қадағаланады.

Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасау кезінде білім алушыларға пәндердің базалық және кәсіптік құзыреттіліктерді, дағдылар мен білім блоктарын қалыптастыруға әсері ескеріледі.

Бағдарламаларды және олардың құрамдастарын игеруге бөлінген уақыт көлемі көрсетілген нәтижелерді алу үшін жеткілікті. Жұмыс оқу жоспарларында теориялық және практикалық оқытудың логикалық реттілігі, оларды өткізудің шоғырланған түрі

қарастырылған. Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін бақылаудың нысаны мен мазмұны кәсіптік қызмет жағдайларына жақын және білім алушылардың кәсіби міндеттерді шешуге дайындығын бағалауға мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламалары қызметінің барлық аспектілерінің тиімділігі мен басты нәтижесі бітірушілерді жұмысқа орналастырумен бағаланады. Осы мамандықтар бойынша орта кәсіптік білім берудің негізгі кәсіби бағдарламасын меңгерген түлектер жоғары кәсіптік білім берудің негізгі кәсіби бағдарламасын игеруге дайын және жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыруға мүмкіндігі бар.

***Күшті жақтары/үздік тәжірибе***

- ББ басшылығы оқу тіліне қарамастан білім алушыларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді;
- басшылық ББ тиімді игеру үшін жағдай жасайды;

***Әлсіз жақтары:***

- ББ басшылығы оқытудың белсенді әдістерін және оқытудың инновациялық әдістерін жүйелі түрде дамытуды, енгізуді және тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс;

***ССК ұсыныстары:***

- оқытудың белсенді әдістерін және оқытудың инновациялық әдістерін жүйелі дамытуды, енгізуді және тиімділігін қамтамасыз ету;
- әкімшіліктер қатаң есептегі құжаттардың жүргізілуін бақылауды күшейтсін;

**ССК көрсетуінше аталған стандарт колледждің мамандандырылған саласы бойынша 2-күшті, 20 – қанағаттанарлық, 1-і жақсартуды талап ететін жағдайда.**

***6.3. Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі»***

***Растау бөлімі***

Оқу процесінің басты ресурсы-штаттық оқытушылар мен өндірістен тартылатын мамандардан тұратын оқытушылар құрамы. Білікті педагог қызметкерлердің болуы білім алушыларды өзекті сапалы біліммен қамтамасыз етуге, білім беру қызметтері нарығында колледж позициясын нығайтуға мүмкіндік береді. Оқытушылар кадрларының сандық және сапалық құрамын талдау және оны жақсарту бойынша жұмыс колледж басшылығының тұрақты назар аударуының нысаны болып табылады.

Қызметкерлерді іріктеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптары бойынша әңгімелесу және түйіндемені зерделеу әдісімен жүргізіледі. Жұмысқа қабылдау жазбаша нысанда, екі данада еңбек шартын жасасу, әрқайсысына директор мен қызметкердің қолы қойылуы арқылы жүзеге асырылады. Еңбек шартында ҚР Еңбек кодексінің шарттары көзделген: мерзімі мен жұмыс уақытының ұзақтығы, жүктеме көлемі, жеңілдіктер, өтемақылар, тараптардың құқықтары мен міндеттері. Колледждің барлық қызметкерлеріне құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтар әзірленген және бекітілген. Колледждің әрбір инженер-педагог қызметкері лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес еңбек мазмұнымен және сипатымен танысқан. Оқытушылар құрамының саны мен құрамы ББ оқу процесінің қажеттіліктеріне, бір штаттық оқытушыға және білім алушылар контингентіне арналған нормативтік оқу жүктемесіне қарай жоспарланады. Педагог қызметкерлерге оқу жүктемесінің көлемі оқу жоспары, оқу бағдарламалары, кадрлармен қамтамасыз етілуі және басқа да нақты жағдайлар бойынша сағаттар санына қарай белгіленеді. Оқытылатын пәндерге сәйкес барлық оқытушылардың базалық білімі бар. ОҚ-ын іріктеу және жұмысқа қабылдау базалық білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесіне сәйкес конкурс бойынша жүзеге асырылады.

Жаңа оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің жұмыс жүктемесі оқу жылының соңында бөлінеді және педагогикалық жүктемені тарификациялауға енгізіледі. Жалпы, ББ барлық оқу кезеңінде білікті оқытушылар құрамымен толық жасақталғанын (штаттық кестеге сәйкес) атап өтуге болады. Базалық білім бойынша аккредиттелетін мамандықтардың іске асырылуын қамтамасыз ететін ББ ОҚ-ның жиынтығы 100%

құрайды және білім алушылардың дайындық бейініне сәйкес келеді.

Оқытушының біліктілік талаптарына сәйкес оқытушы оқу жоспары мен оқу үрдісінің кестесі бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады, білім алушылардың білім сапасына жауап береді, оқу процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді. Өндірістік оқыту шеберлері білім алушылардың озық еңбек әдістерін, қазіргі заманғы техника мен өндіріс технологиясын меңгеруін, жабдықтарға қызмет көрсету мен пайдалануды қамтамасыз етеді, оқу (өндірістік) практикасын өткізу жөніндегі әлеуметтік серіктестермен жұмысқа қатысады, білім алушыларды біліктілік жұмыстарын орындауға және біліктілік емтихандарын тапсыруға дайындайды.

2016 жылдан бастап колледж басшылығы шетелдік білім беру ұйымдарында біліктілігін арттыруға, қайта даярлауға және тағылымдамаға көп көңіл бөлген. (ҚР БҒМ 10.03.2016 ж. №193 «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы).

Біліктілікті арттыру курстарынан және тағылымдамадан өту туралы мәліметтер:

| Атауы | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл Маусым айына |
|---|---|---|---|---|
| ПҰ курстары | 34 | 44 | 52 | 57 |
| Оның ішінде республикалық | 17 | 44 | 37 | 20 |
| Оның ішінде облыстық | 17 | - | 15 | 37 |
| Тағлымдама | 1 | 1 | 5 | 1 |
| Оның ішінде шет елдерде | 1 | 1 | 5 | 1 |

Оқытушылар мен ө/о шеберлері М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жөніндегі өңіраралық орталығында, ОҚО бойынша «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ базасында біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

Колледж директоры Г.Ж.Тагаева 26-31.10.2014ж. аралығында Швейцарияда (Цюрих, Базель), Германияда (Фрайбург) және Францияда (Страсбург) елдерінде «Еуропалық елдердің кәсіптік білім берудің дуальді жүйесі» бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтті. Чехия елінің Прага қаласында «AHOJ! Student» біліктілікті арттыру курстары орталығында ө/о шебері И. В. Барабанов 2017 жылғы 22 қараша мен 20 желтоқсан аралығында тағылымдамадан өтті.

Финляндия елінің Хямеенлинна қаласында орналасқан HämeУниверситетінде (HAMK) ө/о шебері Коваленко О.А. 20.11.-21.12. 2017 ж. аралығында техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің оқытушылары үшін арналған қысқа мерзімді тағылымдамадан өтті (Сертификат HAMKUNIVERSITYOFAPPLIEDSCIENCES). Беларусь Республикасының Минск қаласында 20-24.11.2017ж. «Сән технологиясы саласында озық оқытуды ұйымдастыру және ұстау» бағдарламасы бойынша республикалық кәсіби білім беру институты базасында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М. Г. Бекманова, аға шебер М. К. Битемирова, өндірістік оқыту шебері А.А. Сейдуллаева тағылымдамадан өтті.

2014 жылы «Тұран–профи» Халықаралық кәсіби академиясының «Біліктілікті арттыру институты» базасында «Модульдік бағдарлама және дуальді оқыту» бағдарламасы бойынша, «Кәсіби оқытудың заманауи шеберлік әдістері» тақырыбында 4 арнайы пән оқытушысы және 13 ө/о шебері біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Колледжге инклюзивті білім берудің енгізілуіне байланысты (құлағы нашар еститін

және естімейтін топ) 2014 жылы «Қазақстан жастарының ақпараттық қызметтері» орталығы базасында ымдау тілінің базалық курсынан педагог-психолог А.Сарсенбаева, жалпы білім беру пәндерінің 7 оқытушысы, 3 арнайы пән оқытушысы, 6 шебер өтті.

2016 жылы 24-28 қазан аралығында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Бозаева, арнайы пән оқытушысы Л.М.Валитова, арнайы пән оқытушысы және ө/о шебері О.А.Коваленко Астана қаласында Кәсіби білім беру орталығының «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ ұйымдастырған ТжКБ ұйымдарының оқытушыларына (жаттықтырушыларына) арналған «Біліктілікті арттыру-ТжКБ жүйесінің инженерлік – педагогикалық кадрларының кәсіби дамуының бір құралы» атты семинар-практикумының жұмысына қатысты. Жоғарыда көрсетілген колледж қызметкерлеріне «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ-ның Штаттан тыс жаттықтырушысы» мәртебесін алғаны туралы сертификат берілді. («Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ 09.06.2016ж. №29-П және 19.10.2016ж. №77-П бұйрығы).

2017 жылы Астана қаласында директордың ОІЖ жөніндегі орынбасары Ж.А.Бозаева, арнайы пән оқытушысы Л.М.Валитова, арнайы пән оқытушысы және ө/о шебері О.А.Коваленко «Кәсіпқор» Холдинг» КЕАҚ штаттан тыс жаттықтырушыларына арналған «ҚР ТжКБ ұйымдарындағы процестің мазмұнын жетілдіру» оқыту семинарына қатысты, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өтті: Ж.А.Бозаева, Л.М.Валитова, О.А.Коваленко. Директордың ӨОІЖ орынбасары М.Г.Бекманова 2017 жылдың сәуір айында Астана қаласында Ресей Ворлдскиллс академиясының сарапшылары үшін оқыту бағдарламасына қатысушы куәлігін алды, ал 2017 жылдың мамыр айында Краснодар қаласында өткен V ұлттық чемпионаттың «Жас кәсіпқойлар (Ворлдскиллс Ресей)» финалы іскери бағдарламасы аясында «Әлемдік деңгейдегі колледж директоры» Ворлдскиллс Ресей академиясының демо-сессиясына қатысушы куәлігін алды. 2018 жылы Беларусь Республикасының Минск қаласында «Республикалық кәсіптік білім беру институтында», директордың ОӨІЖ орынбасары М.Бекманова, өндірістік оқыту шебері О.Коваленко «WorldSkills стандарттары негізінде кәсіби шеберлікті қалыптастыру» тағылымдама модулімен бағдарламасына сәйкес біліктілігін арттыру курсына қатысты. 2018 жылы арнайы пән оқытушысы Г.Жұмаділлә «Білім беру мазмұнын жаңартудың маңыздылығы» тақырыбындағы «Қазақстанның білім және ғылым әлемі» республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналда жарық көріп, қатысушы сертификатына ие болды. Соңғы үш жылдың қорытындысы бойынша дуальды оқыту курстарынан 34, модульдік оқыту курстарынан 22, Кредиттік оқыту технологиясын енгізу бойынша 10, арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдісін енгізу бойынша 5 педагог қызметкер өтті. «Киім дизайны» құзыреттілігі бойынша ұлттық сарапшылар - 2, «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ штаттан тыс жаттықтырушылары-3.

Оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру колледждің жылдық жұмыс жоспарына және оқытушылардың жеке жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Колледж оқытушысының педагогикалық қызметі келесі жұмыс түрлерін қамтиды: білім беру, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие (тәлімгердің жұмысы), ұйымдастыру (біліктілікті арттыру, кабинет меңгерушісі), үгіт-насихат жүргізу, ҚР «Білім туралы» Заңының 52-бабының 7.1-тармағына сәйкес оқытушылардың педагогикалық жүктемесін қалыптастыру тетігіне енгізілген. Колледж базасында жыл сайын дәстүрлі қалалық, облыстық және аймақтық байқаулар, фестивальдар өтеді: «Өнерлі ұстаз», «Мен-Тәуелсіз Қазақстанның білімді ұрпағымын», көркемөнерпаздар байқаулары, флешмобтар. Үшінші жыл қатарынан колледж базасында ОҚО колледждері арасында «WorldSkillsKazakhstan» аймақтық Чемпионаты өтуде.

***Аналитикалық бөлім***

Колледжде педагогикалық ұжым педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келеді. Педагогикалық қызметке жоғары базалық білімі бар немесе даярлаудың тиісті бағыттары бойынша кәсіптік білімі бар және қазіргі заманғы оқыту әдістемесін меңгерген тұлғалар

жіберіледі.

2017-2018 ж. ІІ жарты жылдығындағы педагогикалық қызметкерлердің сапалық құрамы: жалпы білім беретін пәндер оқытушылары – 41, оның ішінде: жоғары біліктілік санатты – 13 (31,7 %), бірінші біліктілік санатты – 10 (25,6 %), екінші біліктілік санатты – 13(31,7 %), біліктілік санаты жоқ – 5 (12,2%), оның ішінде 3 магистр (7,3%).

Арнайы пәндер оқытушылары – 10, оның ішінде: жоғары біліктілік санатты – 5 (50 %), бірінші біліктілік санатты – 3 (30 %), екінші біліктілік санатты – 1 (10 %), біліктілік санаты жоқ -1 (10 %), оның ішінде 3 магистр (30%).

Өндірістік оқыту шеберлері – 33, оның ішінде: жоғары біліктілік санатты-6 (18,2 %), бірінші біліктілік санатты – 5 (15,2%), екінші біліктілік санатты – 17 (51,5%), біліктілік санаты жоқ – 5 (15,2%), оның ішінде 3 магистр (9,1%).

Жоғары және бірінші санатты педагогтардың біліктілік санаттарының өсу үрдісі байқалады.

| № | Оқытушылар, ө/о шеберлері | Жалпы | Педагогикалық өтілім | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 3 жылға дейін | 3 жылдан 10 жылға дейін | 10 жылдан 20 жылға дейін | 20 жылдан 30 жылға дейін | 30 жылдан жоғары |
| 1. | Оқытушылар | 51 | 6 | 8 | 27 | 5 | 5 |
| 2. | Ө/о шеберлері | 33 | 2 | 18 | 9 | 1 | 3 |
| 3. | Жалпы саны | 84 | 8 | 26 | 36 | 6 | 8 |

Колледж персоналының құқықтары мен міндеттері уақыт талаптарына сәйкес мезгіл-мезгілімен жаңартылып отыратын лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады. ССК мүшелері педагогикалық ұжымның біліктілік талаптарына және білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкестігін атап өтеді. Жалпы, колледждің оқытушылар құрамының қызметін талдағанда, колледж ұжымының сапалы дамуын жақсартуға деген ұмтылысын көрсетеді. Колледж басшылығы педагогикалық ұжым мүшелерінің АТ-құзыреттілігін арттыруға үлкен көңіл бөледі. ССК мүшелері колледждің ИПҚ келесі іс-шаралар аясында біліктілігін арттырғанын атап өтті:

| Атауы | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл Маусым айына |
|---|---|---|---|---|
| ПҰ курстары | 34 | 44 | 52 | 57 |
| Оның ішінде республикалық | 17 | 44 | 37 | 20 |
| Оның ішінде облыстық | 17 | - | 15 | 37 |
| Тағлымдама | 1 | 1 | 5 | 1 |
| Оның ішінде шет елдерде | 1 | 1 | 5 | 1 |

«Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандарты бойынша жұмысты талдай отырып, педагогтардың жұмыс жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерін қамтитынын көруге болады. ББ басшылығы педагогтердің жоспарланған жүктемесінің барлық түрлерінің орындалу дәлелдерін көрсетеді, жас педагогтарды дамыту бойынша мақсатты іс-қимылдарды қамтамасыз етеді. Колледж педагогикалық ұжымның қанағаттану мониторингін қамтамасыз етеді. Педагогтардың кәсіби құзыреттілік деңгейі әр түрлі оқыту түрлері арқылы үнемі жоғарылайды: республикалық және облыстық біліктілікті арттыру курстарында, шетелде тағылымдамадан өту, семинарлар, ғылыми – теориялық және ғылыми - практикалық конференциялар. Кадрлық әлеует жоғары, толық көлемде мамандар даярлауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

АРТА ССК сапары барысында өткізілген ПОҚ сауалнамасы:
- оқытушылар білім беру бағдарламасының мазмұнын қанағаттандырады – «өте жақсы» 52,4% және «жақсы» – 47,6%;
- оқытушылардың басшылықпен кері байланыс деңгейі- «өте жақсы» - 66,7% «жақсы» - 33,3%;
- ПОҚ оқытуды ғылыми зерттеулермен байланыстыруы -«өте жақсы» - 76,2%, «жақсы» - 23,8% тиіс.

***Күшті жақтары/үздік тәжірибе***

- педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады;
- оқытушылардың біліктілігін арттырудың жүйелі процесі (тағылымдама, қосымша кәсіптік білім);
- тігін және тоқыма өндірісі үшін білікті мамандар даярлау бойынша жоғары кәсіби сапасымен ерекшеленетін педагогикалық кадрлар;
- оқытудың заманауи технологияларын қолдану;

***Әлсіз жақтары:***

- білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ББ басшылығы практиктерді тартып, олар оқитын пәндердің үлесін анықтауы тиіс;
- ББ басшылығы педагогикалық ұжымның АТ-құзыреттілігін, оқытудың инновациялық әдістері мен формаларын қолдануды көрсетуі тиіс;

***ССК ұсыныстары***

- практиктерді тарту және олардың оқитын пәндер үлесін анықтау;
-колледж басшылығына педагогикалық ұжымның АТ-құзыреттілігіне, оқытудың инновациялық әдістері мен формаларын қолдануға ықпал ету;
- білім беру үдерісін дараландыру үшін қашықтықтан білім беру технологияларын іске асыру бойынша жұмысты жандандыру;
- арнайы пәндер оқытушыларының ағылшын тілінде оқыту деңгейін арттыру;

**ССК көрсетуінше аталған стандарт колледждің мамандандырылған саласы бойынша 1-күшті, 8 – қанағаттанарлық, 2-і жақсартуды талап ететін жағдайда.**

### ***6.4. «Білім алушылар» стандарты***

***Растау бөлімі***

Контингентті қалыптастыру жұмысы- барлық біліктілік бойынша жүргізіледі: талапкердің базалық білім деңгейі (негізгі орта білім және жалпы орта білім), күндізгі оқу нысаны, оқыту тілі (қазақ және орыс тілдері). Білім алушылар контингентін қалыптастыру саясаты мамандықты саналы түрде таңдаған тұлғаларды қабылдау болып табылады және қабылдаудың типтік ережелері негізінде әңгімелесуден кейін жүзеге асырылады. Аталған мамандықтар бойынша білім алушылар контингенті: күндізгі оқу нысаны бойынша Шымкент қаласының, ОҚО орта мектептерінің түлектері есебінен және өңірдің жақын облыстарынан келген (920 адам) және оның ішінде ИЧ167/4 түзету мекемесінде - 50 адамды құрайды.

Колледжде мамандығы 1211000-«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», біліктілігі 1211072-модельер-пішуші ББ есту қабілеті бұзылған білім алушыларды даярлайды. (инклюзивті білім беру топтары) . 1209000- «Тоқу өндірісі» мамандығының ББ 2018-2019 оқу жылында қазақ тілінде білім алатын 4 топ бар. Контингентті қалыптастыру бойынша мәліметтер колледж сайтында орналастырылады (5 college.kz).

Оқу және өндірістік практика базаларымен қамтамасыз ету мақсатында саланың жетекші кәсіпорындарымен шарт жасалған. ССК мүшелері 1211000 - Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу, біліктілігі 1211032 – Тігінші, 1211062-Арнайы тігінші, 1211072 - Модельер – пішуші және мамандығы 1209000-«Тоқу өндірісі», біліктілігі 1209012-Тоқушы ББ бойынша «Әлем-БТ» ЖШС, «АГФ групп» ЖШС, «Гаухар» ЖШС, «БалТекстиль» ЖШС, МҚ «Көмек Болашақ» практика базаларын аралап көрді.

Практикадан өткеннен кейін білім алушылар кәсіпорындарда одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие. Көптеген бітіруші курс студенттері практика кезінде жұмыс туралы ұсыныстар алады. Жұмыс берушілер түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі.

Кез-келген білім беру бағдарламасының және кез-келген пәннің мақсаттары мен міндеттері осы пәндер бойынша білімді, шеберлікті және дағдыны дарыту ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың тұлғалық дамуы үшін жағдай жасау, олардың шығармашылық әлеуеті мен әлеуметтік құзыреттілігін кеңейту болып табылады.

Аккредиттелетін ББ – да студенттердің ғылыми жұмысына және кәсіби шеберлік конкурстарына үлкен көңіл бөлінеді, олар-олимпиадалар, WorldSkills кәсіби байқаулары, колледжішілік, аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми конференциялар, сондай-ақ Жастар орталығы жұмыс істейді. Білім алушылар мен қызметкерлердің жетістіктерінің нәтижелері әртүрлі семинарлар мен конференцияларға баяндалады және мұндай жетістіктер колледж басшылығымен ескеріледі, марапатталады.

Білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері пайдаланылады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін колледжде қызығушылық бойынша үйірмелер, кәсіби үйірмелер құрылған: Фетр бұйымдары, Иірімжіптен жасалған бұйымдар, Алтын қайшы, Жібек жіп, Эксклюзив, «Сымбат» және факультативтер. Жыл сайын оқушылар ө/о шеберлерімен бірге «Сымбат», «Кербез ару», «Жәдігер», «NaidFashion», «Мегавойлок», «Сырғалым», «Сырлы өрнек», «Құрақ әлемі» коллекцияларын жасауға қатысады.

Білім беру үдерісінің бірінші кезектегі міндеттерінің бірі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін анықтау болып табылады. Үйірмелердегі, факультативтердегі сабақтар нәтижесінде білім алушылар көрмелерде, байқауларда, сән көрсетілімдерінде, түрлі деңгейдегі шығармашылық жобаларда жүлделі орындарға ие болады. Жыл сайын аккредиттелетін мамандықтар бойынша білім алушылар әр түрлі деңгейдегі байқаулардың жеңімпаздары болады.

WorldSkills Kazakhstan-2016 аймақтық чемпионатында «Киім дизайны» құзыреттілігінде I орынды Мурзахметова Юлдуз иеленді. WorldSkills Kazakhstan-2017 аймақтық чемпионатында «Киім дизайны» құзыреттілігінде Арал Аида I орын алды. 2017 жылы 15-19 мамыр аралығында Краснодар қаласында WorldSkills Russia «Жас мамандар» V Ұлттық чемпионатына Қазақстан 21 құзыреттілік бойынша қатысып, №5 колледж түлегі Мурзахметова Юлдуз III жүлделі орынға ие болды. 2017 жылы облыстық турдың 13 ұлттық жастар Дельфийлік ойындарында арнайы топ (құлағы естімейтін және нашар еститін) студенттері I, II, III жүлделі орындарға ие болды. WorldSkillsKazakhstan-2018 чемпионатында «Киім дизайны» құзіреттілігі бойынша колледж I орын алды (Эшматова Мадина). III республикалық «WorldskillsBelarus-2018» Кәсіби шеберлік байқауында Эшматова М. қатысушы Дипломымен марапатталды.

2018 жылы 11-17 қарашада РФ Ижевск қаласында Екінші Халықаралық Парадельфиялық ойындар өтті. Қазақстан Республикасының атынан ойындарда есту қабілеті бұзылған мамандандырылған топтардың білім алушылары қатысты. «Костюм дизайны» номинациясы бойынша «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығының үшінші курс студенті Ерімбетов Мерей қатысты. Мерей конкурсқа екі планшет түрінде өзінің «Шығыс маржаны» жобасын ұсынды, жоба жетекшісі арнайы пән оқытушысы, өндірістік оқыту шебері И. В. Барабанов. Байқау қорытындысы бойынша Ерімбетов Мерей II дәрежелі дипломға ие болды. «Сәндік-қолданбалы өнер» номинациясы бойынша «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығының үшінші курс білім алушысы Шаповалов Дмитрий, жетекшісі арнайы пән оқытушысы, өндірістік оқыту шебері Ж.А.Айнабекова, қатысты. Дмитрийдің барлық жұмыстары киіз басу техникасында жасалған: «Aysulu» орамалы жібек негізіндегі киіз басу техникасында, қазақ ою – өрнегі бар юбка — дымқыл киіз, «Бутондар» орамалы-жібек негізіндегі киіз басуда, «Күн мен түн» композициясы,

«Дала өрнектері» композициясы, «Гүл» брошы-дымқыл киіз басу техникасында. Байқау қорытындысы бойынша Шаповалов Дмитрий ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Бітіруші курста білім алушыларды «Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және техникалық және қызмет көрсететін еңбек кәсіптері (мамандықтар) бойынша біліктілікті беру қағидаларына» сәйкес кәсіптік сертификаттау жүргізіледі. (ҚР БҒМ 18.06.2012 ж. №281 бұйрығы).

Шымкент қаласы мен облыс аймағында орналасқан әлеуметтік серіктестерімен, ұйымдарымен және кәсіпорындарымен тығыз ынтымақтастық колледж түлектерін жұмысқа орналастыруға ықпал етеді. Жұмысқа орналасу кезінде түлектер колледжге еңбек қатынастары және зейнетақы аударымдары туралы Egov анықтамасын ұсынады. ББ түлектерінің жұмысқа орналасуын талдау еңбек нарығындағы өсу динамикасын көрсетеді: 2015-2016 у.г. - 95,4%, 2016-2017 у. - 100%, 2017-2018 у.г. - 90,3%.

Түлектерді жұмысқа орналастыру үшін педагогикалық ұжым келесі бағыттарда жұмыс істейді: бітірушілерді жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасау, олардың кәсіби өсуіне жәрдемдесу, сондай-ақ колледждің беделі мен имиджін, білім беру саласындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

***Аналитикалық бөлім***

ССК мүшелерінің көргеніндей, студенттік ұжым өте ұйымшыл, колледждегі мамандықтардың еңбек нарығында жоғары сұраныста екенін барлық білім алушылар түсінеді және мамандықты дұрыс таңдағандарында күмән жоқ. Дегенмен, студенттік қоғамның жұмысын күшейтуге назар аудару қажет.

Оқу, педагогикалық және өндірістік практика базаларымен қамтамасыз ету мақсатында саланың жетекші кәсіпорындарымен шарт жасалады. Бітіруші курстың көптеген студенттері практика кезінде жұмыс туралы ұсыныстар алады.

Оқу және өндірістік практика базаларымен қамтамасыз ету мақсатында саланың жетекші кәсіпорындарымен шарт жасалған. Практикадан өткеннен кейін білім алушылар кәсіпорындарда одан әрі жұмыста қалуға ұсыныс алады.

Әлеуметтік серіктестермен, сарапшылармен кездесу кезінде көптеген ұйымдарда жетекші немесе тәлімгер ретінде алдыңғы жылдардағы бітіруші түлектер жұмыс істейтіні байқалды, бұл осы колледж мамандарының еңбек нарығында сұранысқа ие екендігінің айғағы. Сондай-ақ, жұмыс берушілерде осы колледждің студенттерін өндірістік практикаға қабылдау мүмкіндігі мен ықыласы байқалады.

АРТА ССК сапары барысында білім алушыларға өткізген сауалнама көрсеткіші:

- осы мамандықты сәтті аяқтау үшін талаптарды ақпараттандыруда толық 100% қанағаттандырылды;

- оқуға түсер алдында білім беру бағдарламасының ережелері мен стратегиясын (мамандықтар) түсіндіру бойынша толық 100% қанағаттанған;

студентке қойылатын академиялық жүктememен/талаптарға толық - 95,6% қанағаттанған.

***ББ күшті жақтары :***

- дарынды оқушыларды қолдау бағдарламаларының болуы маңызды фактор болып табылады.

***ССК ұсыныстары***

- аккредиттелетін мамандықтар бойынша кітапхана қорын электронды оқу әдебиеттерімен толықтыру;

- дарынды және талантты білім алушыларды анықтау және қолдау жұмыстарын үнемі жетілдіру;

- жаңа мамандықтарды ашу үшін еңбек нарығының қажеттіліктеріне мониторинг жүйесін құру.

**ССК көрсетуінше аталған стандарт колледждің мамандандырылған саласы бойынша 1-күшті, 9 – қанағаттанарлық жағдайда.**

***6.5. «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар» стандарты***

***Растау бөлімі***

«Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын тексеру барысында, колледждің аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті ресурсы бар екені анықталды. Оқу үдерісін ұйымдастыру үшін колледжде 3 оқу корпусы бар. Колледждің барлық ғимараттары ішкі сумен және кәрізге ие, ғимараттардағы жылыту, желдету бойынша санитарлық нормаларға жауап береді. Барлық оқу кабинеттерінде сабақ бойынша оқу материалын жүйелеу жүзеге асырылған, пәннің оқу-әдістемелік кешені құрылған.

Ғимарат бөлмелері санитарлық-гигиеналық талаптарға, өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына жауап береді және біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда аталған оқу ғимаратының жалпы пайдалы алаңы 2178,8 ш.м. құрайды және орталықтан жедел басқаруда. Колледж кітапханасында және кабинеттерде оқу әдебиетінің болуы (міндетті және қосымша оқу әдебиеті). Колледжде пәндер бойынша оқу әдебиетімен қамтамасыз ету: арнайы пәндер бойынша оқу құралдарымен қамтамасыз ету-9616 дананы құрайды, оның ішінде орыс тілінде -2812, қазақ тілінде -6804.

Оқу бөлмелері санитарлық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келеді. 8 оқу-өндірістік шеберханада технологиялық жабдықтар бар: әмбебап машиналар, өнеркәсіптік тігін тігу, сыпыру, зигзагы бар, машинаның тік ілмегі бар, өнеркәсіптік пресс, үтіктеу тақтасы және т. б. Оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған аудиториялар мен қазіргі заманғы жабдықтармен жабдықталған оқу зертханаларының саны іске асырылатын білім беру бағдарламаларына, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес келеді. Колледжде оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды қолдануға көп көңіл бөлінеді. 8 оқу кабинеттерінде интерактивті тақта орнатылған: №1-Тоқу өндірісі кабинеті, №2 - Материалтану және жабдықтау кабинеті, №3 - Сала технологиясы кабинеті , №5 - Киімді құрастыру және модельдеу кабинеті, №7 - Химия және биология кабинеті, №8 - физика және электротехника кабинеті, №9 - информатика кабинеті, №10-қазақ тіліжәне әдебиеі кабинеті. №4 оқу өндірістік шеберханасында, сонымен қатар әдістемелік кабинетте интерактивті тақта орнатылған. Интерактивті тақталарды оқытушылар арнайы топ сабақтарында (құлағы нашар еститін және естімейтін) белсенді қолданады, бұл материалдың жақсы нығаюына және көру жадын жақсартады.

2013 жылы колледжге техникалық құралдар алынған, бұл тағы жаңартуды талап ететінін көрсетеді. 3 компьютер класы бар, кітапханада интернет желісіне қосылған 4 компьютер бар.

Жалпы колледж мамандықтарының пәндері оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген: «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» ББ бойынша оқу әдебиетімен қамтамасыз ету – 6755 дана; «Тоқу өндірісі» ББ бойынша (түрлері бойынша) - 2861 дана; жалпы білім беретін пәндер бойынша – 12084 дана. 2017 жылы оқу әдебиеті қорын толықтыруға 2950724 теңге бағытталды. Көрсетілген шығындар соңғы 5 жылда 6,5 есеге өсті.

Ақпараттық ресурстарды дамыту колледждің стратегиялық даму жоспарында көрсетілген. 2015 жылдан бастап колледж жоғары жылдамдықтағы IDnet Интернетке қосылды. Жыл сайын келісім-шарт бойынша «Қазақтелеком»-ға қосымша телефон желісі интернетке қосылған.

Сабақтан бос уақытта колледж оқушылары компьютерлік кабинеттерде, кітапханада жұмыс істей алады, сонымен қатар wi-fi жұмыс істейді.

Колледж кітапханасының жалпы ауданы 172 ш.м., оның ішінде: көркем әдебиет кабинеті, оқу және оқу-әдістемелік әдебиет кабинеті, арнайы оқу әдебиеті кабинеті бар, оқу залы–24 орындық, 2 Интернет кабинеті-4 орындық. Бүгінгі таңда колледждің оқу залы 24 орындыққа шақталған. Ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету үшін 60 орындық оқу залы бар ОҚО мәдениет басқармасының «Жасөспірімдер кітапханасы» МКМ–мен, «Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» МКМ-мен, 100 орындық оқу залы бар

Облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының «А.С.Пушкин атындағы облыстық кітапханасы» мемлекеттік коммуналдық мекемесімен келісім-шарт жасалды.
Мектеп бітірушілерді жұмысқа орналастыру колледждегі басым міндеттердің бірі болып табылады.
Үздік бітірген түлектердің көрсеткіштері:




***Аналитикалық бөлім***

Колледжге барған кезде оқу орнының аккредиттелетін білім беру бағдарламалары үшін қажетті ресурстары бар екені анықталды. Жалпы білім беру және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін пайдаланылатын материалдық-техникалық, ақпараттық және кітапханалық ресурстар мәлімделген миссияны, мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін жеткілікті болып табылады және іске асырылатын білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келеді. Колледжде ББ жүзеге асыру бойынша оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру үшін жағдай жасалған. Колледж оқытушылар мен студенттердің интернет желісіне тегін қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Оқу орнында ақпараттық қамтамасыз етудің маңызды ресурсы web-сайт болып табылады. Мамандықтар бойынша оқытуды жүзеге асыру үшін білім беру ресурстары колледж сайтында еркін қол жетімді, барлық студенттер бұл туралы ақпараттандырылған және олар өзіне ыңғайлы уақытта еркін қол жеткізе алады.

***ББ күшті жақтары:***

- ТжКБ ұйымы оқытылатын пәндер бойынша білім алушылар мен педагогикалық ұжымның қолданбалы дағдыларын дамыту үшін жағдай жасайды және осы дағдыларды байқаулар мен жарыстар шеңберінде немесе практикада қандай да бір басқа тәсілмен іске асыру мүмкіндігін береді;

–ОҚО мәдениет басқармасының «Жасөспірімдер кітапханасы» МКК-мен және Облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасына қарасты «А.С.Пушкин атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» МКК-мен ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету мақсатында келісім-шарт жасалған.

***ББ әлсіз жақтары:***

- академиялық қолжетімділік- білім алушылар дербестендірілген білім беру ресурстарына қол жеткізе алмайды;
- академиялық кеңестер- білім алушыларға көмектесетін дербестендірілген білім ресурстары жоқ;

– кәсіптік бағдар- білім алушылардың мансаптық өсу жолдарын таңдау мен жетуде көмек көрсететін дербестендірілген білім беру ресурстарына қол жеткізе алмайды.

***ССК ұсыныстары***

- колледждің web-сайтын үнемі жаңарту бойынша жұмысты жандандыру;
- академиялық бағдарламаларды жоспарлау және орындау үшін дербес интерактивті білім беру ресурстарын, сондай-ақ оқу материалдары мен тапсырмаларын толықтыруды жалғастыру.

**ССК көрсетуінше аталған стандарт колледждің мамандандырылған саласы бойынша 1-күшті, 8 – қанағаттанарлық, 6-жақсартуды талап ететін жағдайда.**

***6.6. «Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі» стандарттар***

***Растау бөлімі***

Білім беру бағдарламасының барлық пәндерінің мазмұны жалпы білім беру және кәсіби ғылымның мазмұнына негізделген және нақты өзара байланысы бар. Ақпараттық технологияларды жаңаша пайдаланудың кезеңі- өндірістегі міндеттерді шешу арқылы әлеуметтік міндеттерді шешуге көшумен сипатталады.

ББ негізгі факторы болып болашақ маман иесінінің шығармашылық стилін қалыптастыруға ықпал ететін заманауи педагогикалық технологияларды қолдану болып табылады және мамандықты терендетіп, толықтырып меңгеруді арттырады. Аккредиттелетін мамандықтар мамандарын даярлау кезінде практикалық дағдыларды меңгеруге және жетілдіруге бағытталған жұмысқа үлкен көңіл бөлінеді. Теориялық оқыту мен практиканың үйлесімділігіне сабақтарда практикалық-бағытталған технологияларды, құзыреттілік-бағытталған тапсырмаларды пайдалану арқылы қол жеткізіледі. ББ-да практикаларды жүйелі түрде ұйымдастыру, оқытушылардың біліктілігін арттыру мәселелері, оқыту әдістемесін жетілдіру, инновациялық технологияларды пайдалану мәселелері, оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету жағдайы талқыланып қарастырылады.

ССК мүшелері 1211000 - Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу, біліктілігі 1211032 – тігінші, 1211062-Арнайы тігінші, 1211072 - Модельер – пішуші, біліктілігі 1209000 «Тоқу өндірісі» (түрлері бойынша), біліктілігі 1209012 – Тоқушы ББ бойынша «БалТекстиль» ЖШС, «Әлем-БТ» ЖШС, «АГФ групп» ЖШС, «Гаухар» ЖШС, МҚ «Көмек Болашақ» өндіріс орындарымен танысты.

Өндіріс базаларына бару кезінде «Гаухар» ЖШС өндіріс меңгерушісі Б.К.Катпинамен, тәлімгер Н.А.Байжігітовамен кездесті, 3 курс №638 топтың практикант-студенттері Өстемір А., ө/о шебері Сейдуллаева А., №636 топтан Адилова Ш., ө/о шебері Мырзабекова Ж., .№ 633 топтан Қошқарбаева А., ө/о шебері Құрбан Н.-мен сұхбаттасып, өндірісте технологиялық тәжірибеден өту барысымен танысты. «Тоқу өндірісі» мамандығы бойынша білім алушылар теориялық оқытуды бекіту және жұмысшы кәсіптердің дағдыларын игеру үшін оқытудың дуальді нысанына сәйкес «Әлем БТ» ЖШС базасында өндірістік оқудан өтеді. «Әлем-БТ» ЖШС кәсіпорнында ө/о шеберлері Толыбай Г. А. және Каракулова Ф. жетекшілігімен 1курс студенттері өндірістік оқыту сабағына барып, технологиялық жабдықтармен танысты. Практика барысында білім алушылар кәсіптік практика күнделіктерін жүргізеді, оның формасы белгіленген талаптарға сәйкес келеді. «Әлем БТ» ЖШС базасында практикалық сабақтардан өту үшін жағдай жасалған, онда білім алушылар тоқыма өндірісі жабдықтарының құрылымы мен негізгі механизмдерін зерттейді, өндірістік цехтардың тоқыма жабдықтарының жағдайын күту бойынша жұмыстар жүргізеді, сондай-ақ өндірістік оқытудан өтеді. ББ басшылығы осы мамандықтар бойынша білім алушылардың өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

1211000 – «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығының 1211072-Модельер – пішуші біліктілігінің, 2 курс, №702 тобында «Тігін өндірісінің жабдықтары» пәні бойынша теориялық сабағы өтілді (ПМ 06 Тігін өндірісінің жабдығы). Бұл пәнді жоғары санатты оқытушы Валитова Л. М. өткізді, сабаққа 25 студент қатысты. Оқытушы сабақты ұйымдастыру сәтінен бастап, студенттер оқытушының сұрақтарына жауап беріп, жаңа материалды түсіндіру, өз бетінше жұмыс істей бастады. Сабақ барысында оқытушы оқытудың белсенді АТ-ын, оқу видеолары, презентациялар, интернет ресурстарымен интерактивті тақта сияқты белсенді оқыту әдістерін қолданды. Сабақ соңында жаңа материалды бекіту, сабақтың қорытындысы, рефлексия жасалды. Оқытушы терең теориялық және практикалық білім мен іскерлікке ие, студенттер сабақта белсенді және мұқият жұмыс істеді.

1211000 – «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығының 2 курс №706 тобында «Тігін өндірісінің технологиясы» пәні бойынша «Ілгектердін жалпы сипаттамасы» тақырыбы бойынша теориялық оқыту сабақтарына қатысты. Осы пәнді оқытушы Алимбаева К. Н. жүргізді, сабаққа 24 студент қатысты. Оқытушы технологиялық

өңдеуді ілгектердің, өңірастардың түрлерін және оларды, үлестірмелі көрнекі құралдарды, түрлі ілгектердің үлгілерін, торап бойынша өңдеу үлгілерін қолдана отырып түсіндірді. Студенттер берілген тапсырмалар бойынша шағын топтарға бөлініп жұмыс жасады.

№731, 2 курс (инклюзивті білім беру), біліктілігі 1211032 – тігінші, «Ылғалды-жылу жұмыстары» тақырыбында өндірістік оқыту сабағы өткізілді, сабақ түрі аралас сабақ. Бұл сабақты жоғары санатты оқытушы Р.Т.Бейсебаева жүргізді, сабаққа 9 адам қатысты. Сабақта оқытушы АТ, интерактивті тақта, слайдтар, плакаттар, тігін түйіндерінің үлгілері, технологиялық карталар, оқу құралдарымен жұмыс сияқты белсенді оқыту әдістерін қолданды. Оқытушы теориялық материалды жақсы біледі, жаңа тақырыпты эмоционалды және қол жетімді түсіндірді. Студенттер жаңа тақырыпты қызығушылықпен меңгерді. Өндірістік оқыту сабақтары оқу зертханалары мен шеберханаларда өткізіледі. 1211000 - Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу мамандығы, біліктілігі 1211072 - Модельер – пішуші (ПМ 06 Тігін өндірісінің жабдығы) 3 курс №631(инклюзивті білім беру) топ сабағы қаралды. Аталған сабақты жоғары санатты өндірістік оқыту шебері И.В.Абашова жүргізді, сабаққа 13 бала қатысты. Ө/о шебері сабақты ұйымдастыру сәтінен бастап, жаңа білімді өзектендіріп, кіріспе нұсқамадан бастады, содан кейін студенттер өз бетімен астарлы жакет дайындау бойынша практикалық жұмысты орындады. Сабақта оқытудың сөздік және репродуктивті әдістері, технологиялық карталармен жұмыс әдістері қолданылды. Сабақ қойылған мақсаттарға сәйкес келеді, оқытушы сабақта тақырыпты түсіндіру кезінде кіріспе нұсқаманы пайдаланды, еңбек әрекеттері мен тәсілдерін, ағымдағы және қорытынды нұсқамаларды көрсетеді. Сабақта жоғары санатты өндірістік оқыту шебері И.В.Абашова дидактикалық материалдарды, технологиялық карталарды, торапты өңдеу үлгілерін, жартылай дайын бұйымды пайдаланды. Өндірістік оқытуды есепке алу журналы және жұмыс орнында нұсқаманы тіркеу журналы бар. 1211032 – Тігінші біліктілігі бойынша 1 курс, №837 және №836 топтарының (инклюзивті білім беру) сабақтарына қатысты. Өндірістік оқыту сабақтарын жоғары санатты өндірістік оқыту шебері А.М.Умербаева және 1 санатты өндірістік оқыту шебері А.А.Сахова өткізді.

Сабақтар ұйымдастыру сәтінен, жаңа білімдерді өзектендіруден, содан кейін кіріспе нұсқамадан, еңбек қауіпсіздігі ережелерін қайталаудан басталды, содан кейін студенттер кіріспе түсіндірме жұмыстарын орындау бойынша тәжірибелік жұмысты өз бетінше орындады. Сабақта оқытудың келесі әдістері қолданылды: еңбек тәсілдері мен операцияларын көрсету, көрнекі-демонстрациялық материалдар, ЫЖӨ-ға арналған машина тігістерінің үлгілері, ЫЖӨ терминдері көрсетілген кесте. «Машина тігістері» тақырыбында 1211072 - Модельер – пішуші біліктілігі бойынша 1 курс №839 тобында өндірістік оқыту сабағы өткізілді. Бұл пәнді екінші санатты ө/о шебері Досалиева Ж.М. жүргізді. Сабақ барысында ө/о шебері оқытудың тәжірибелік әдістерін қолданды: еңбек тәсілдері мен операцияларын көрсету, машина тігістерінің үлгілері, технологиялық карталар. Сабақ барысында оқытушылар оқытудың түрлі технологияларын қолданады. Жүйелі түрде біліктілігін арттырады. Колледждің оқытушылар құрамының қызметін талдау колледж ұжымның сапалы дамуын жақсартуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Аналитикалық бөлім

Практикалық дағдыларға оқыту үшін «Оңтүстік» ӘЭА басқармасы, «БалТекстиль» ЖШС, «Әлем-БТ» ЖШС, «Назар Tekstil» ЖШС, «АГФ групп» ЖШС, «Azala Cotton» ЖШС, «Көмек Болашақ» МҚ, «Azala Textile» ЖШС, «Alatex» ЖШС, «Гаухар» ЖШС тәжірибе базаларымен шарттар жасалды.

ББ 1211000 – «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», 1209000-«Тоқушы» білім беру бағдарламасына сәйкес қажетті кәсіби дайындықтан өтеді. Колледж Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында пәндерді біріктіріп оқыту арқылы, бейіндік пәндерді оқытуды қамтамасыз етеді. Білім алушылар жеңіл өнеркәсіп бағыттары бойынша өзекті мәселелерді тереңдетіп оқиды, сондай-ақ оқыту процесінде техникалық ғылымдардың жетістіктерін ескере отырып, қазіргі заманғы технологияларды меңгереді. Оқыту барысында қолданылатын әртүрлі технологиялар (дербес жұмыстарды,

